

## Құттықтаймыз!



### Құрметті үлкен апа - Бақыт Өшімқызы!

Сізді келіп жеткен мерейлі 85 жасыңызбен құттықтаймыз!

Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, ауыл құрметіне бөленген жайдарман, ақкөңіл де абзал, үлкен апа, бүгінгі қуанышты мерекеніз құтты болсын!

Өмір жолыңызда Исекеңмен тағдыр қосып, бүгінде арттағы ұрпаққа мақтанышпен айта алатындай ғұмыр кешіп келесіздер.

Бізге жасаған еңбектеріңіз әрбір адамның арманы тәрізді, қол жеткізген табыстарыңыз асқар таулардың шыңдары іспеттес. Өсірген ұл- қыздарыңыз жайқалып тұрған жасыл бақ гүлдерінен кем емес. Немерелеріңіз - жүрек елжіретер еркелер. Осы бақыттарыңызды Алла еселей түссін деп тілейміз.

### Қадірлі үлкен апа!

Сізге зор денсаулық, ұзақ өмір, балаларыңыз мен немерелеріңіздің ортасында көрер қызық пен ырыс берекеніз таусылмай, ортамызда Исекеңмен қол ұстасып, аман-есен жүре беріңіздер. Арайлап атқан әр таң тек қуаныш әкелсін дей келе, мына өлең жолдарын Сізге арнаймыз:

Жылжып уақыт, сырғиды төбеден күн,  
Бір анасы болдыңыз кемел елдің.  
Кең жайыласын қанаты керегенің,  
Қызығын көріңіз немере мен шөберенің.  
Бұл ұлы той көңілден жыр тасыған,  
Анажан, мейіріңнен нұр тасыған.  
Сексен жастың қырқасы артта қалып,  
Көріне бер жүздердің қырқасынан.

Ізгі ниетпен, Құрман өулеті ұрпақтары.



## Құттықтаймыз!

Көбетей ауылының тумасы, Ақмешіт ауылының тұрғыны, 1970 жылы (қазіргі Р.Асубаев атындағы) Калинин орта мектебінің түлектері, сыныптас досымыз **Жаманбаева Қарлығашты** 27 мамыр күні 70 жастың төріне шыққан жаңа жасымен құттықтаймыз!

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты сені 70 жасқа алып жетті. Біз сені шын жүрегімізбен жарқылдай қуана отырып құттықтап, ғұмырың ұзақ, көрер қуанышың мольна болсын деп тілейміз.

Мерейің үстем, қадір-қасиетің зор болсын. Жаны жайсаң талай жыл іргеміз ажырамаған сыныптас досымызсың.

Көрер бақытың мен шаттығың ортаймай, бала-шаға немерелер ортасында өмірдің бар қызығын өмірлік жарыңмен бірге қызықтап, немереден шөбере сүйіп, Алланың берген жасын жасай бер. 100 жасқа келген тойыңды тойлауға нәсіп етсін.

Жаманбаева Қарлығаш 1954 жылы 27 мамыр күні Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Көбетей ауылында дүниеге келген.

Сонау тоқсаныншы жылдан бастап С.О.Талжанов атындағы орта мектепте қызмет атқарса, жалпы еңбек еткеніне 46 жыл екен. Химия пәнінің мұғалімі.

"Ұстаз - ұлағатты есім".

Шәкірттеріне жақсы білім, тәлім-тәрбие беруде ұстаздың еңбегі зор. Абыройлы міндетті ақаусыз атқарған мұғалімді халқымыз қашанда ерекше құрмет тұтқан. Қимылы өте ширақ, саңқылдаған дауысы адамды бірден өзіне тартып алады. Зейнеткерлікке шыққанына 10 жылдың жүзі болды. Осы биыл ғана дем алуға бет бұрды. Білім беру жолында кәсіби маман, барлық ғұмырын білім беру жүйесіне арнап, еңбекке деген ерекше ынтызарлығы өзгелерден оны ерекшелендіріп келеді. Еңбегімен еліне елеулі болып отырған Қарлығаш Какибайқызы - аудан мұғалімдерінің мақтанышы, ауылының ардақтысы. Еңбегіне сай алғыс хаттар мен атақ-құрметтері де жеткілікті. Аудандықтан бастап Қазақстан Республикасының "Білім беру ісінің үздігі", "Еңбек ардагері" төсбелгілерімен марапатталды.

Бұл Қарлығаш Какибайқызының маңдай тері мен адал еңбегінің жемісі. Жасы 70-ке келгенше ұстаз болып еңбек етті.

Ауылда экономист болған жары Рахимов Мұрат есімді азамат екеуі - екі ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірген бақытты жандар. Сауым - Атырау қаласында әскери қызметте болса, қызы Саяғұл мамандығы математика пәнінің мұғалімі. Кішісі Саят - қаржыгер. Екеуі де бейнеттерінің зейнеттерін көріп отырған жайлары бар. Саған деген тілегіміз: өмірің бақыт пен шаттықта болып, әрқашанда жүзіңнен шуақ, жүрегіңнен нұр кетпесін. Бүгінде еңбегіңнің жемісін көріп отырған ардақты ұстаз деп, біз сені мақтан етеміз.

Өткен күннің артта қалар елесі,  
Тіршіліктің жылжи берер кемесі,  
70 жас - қарттық жас емес, қазына жас,  
100-ге келіп марқайып отыра бер,  
Қызығына қуанып немере-шөберенің.

Ізгі ниетпен, Айтмағамбетова Ахлима Өбдікәрімқызы,  
1970 жылы Калинин орта мектебінің түлектері.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Недра Капитал Сарыарқа» ЖШС ««Дальнее» кен орнындағы тау-кен жұмыстарының Жоспары» жобасы бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтінімге материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды («Қоршаған ортаны қорғау» Бөлімі (ҚОҚБ), Рұқсат етілген шығарындылар нормативтері (РЕШН), Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), Қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспары (ҚОҚШЖ)).

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Талдысай а. о., Талдысай а. о. Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 49°28'31.41"N, 69°05'31.06"E.

Учаскенің географиялық координаттары: 1. 49°15'39,5370"N, 68°17'16,6916"E; 2. 49°15'7,9091"N, 68°19'10,4861"E; 3. 49°14'45,0593"N, 68°18'55,65740"E; 4. 49°14'53,3198"N, 68°18'25,9511"E; 5. 49°14'54,8124"N, 68°17'59,5456"E; 6. 49°15'15,3253"N, 68°17'38,8006"E; 7. 49°15'12,6660"N, 68°17'33,6913"E; 8. 49°15'20,7687"N, 68°17'4,5234"E.

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылғы 05 шілдеде сағат 12:00-де мекенжайы бойынша өтеді: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Талдысай а.о., Талдысай а., Тәуелсіздік көш., 25 («Нұра ауданы Талдысай ауылы әкімінің аппараты» ММ).

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/7511845863?pwd=xTGpzM2qmCQ3eFaRKMqOzV0b7S7znu.1>. Конференция идентификаторы: 751 184 5863. Кіру коды: E22qaC.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Недра Капитал Сарыарқа» ЖШС, ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы ауданы, Жәнібеков көш., 45 құр.. БСН: 151140021771. Директоры: Жаппарғалиев А. Б. Байланыстар: тел. 8 (775) 614-01-94, e-mail: nks\_2016@mail.ru.

Әзерлеуші: «Сарыарқа экология» ЖШС, ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы ауданы, Әлиханов көш., 14Б. БСН: 150640024474. Өкілі: Обжорина Т.Н.. Байланыстар: 8 (776) 526-31-31, e-mail: tanya\_ob80@mail.ru.

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен <https://ecportal.kz> сайттарда «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты 8 (776) 526-31-31 телефондары арқылы сұрауға болады, e-mail: tanya\_ob80@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу Басқармасы» ММ келесі мекенжайлар бойынша қабылдайды: expertiza.upr\_krg@mail.ru және Қарағанды қ., Лобода к., 20. Байланыстар: 8 (7212) 56-81-66.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Недра Капитал Сарыарқа» объявляет о проведении общественных слушаний по материалам к заявке на получение экологического разрешения на воздействие по проекту «План горных работ месторождения «Дальнее»» (Раздел «Охрана окружающей среды») (РООС), Нормативы допустимых выбросов (НДВ), Программа производственного экологического контроля (ППЭК), Программа управления отходами (ПУО), План природоохранных мероприятий (ППМ)).

Территория воздействия: Карагандинская область, Нурунский район, Талдысайский с.о., с. Талдысай.

Географические координаты территории воздействия: 49°28'31.41"N, 69°05'31.06"E. Географические координаты участка: 1. 49°15'39,5370"N, 68°17'16,6916"E; 2. 49°15'7,9091"N, 68°19'10,4861"E; 3. 49°14'45,0593"N, 68°18'55,65740"E; 4. 49°14'53,3198"N, 68°18'25,9511"E; 5. 49°14'54,8124"N, 68°17'59,5456"E; 6. 49°15'15,3253"N, 68°17'38,8006"E; 7. 49°15'12,6660"N, 68°17'33,6913"E; 8. 49°15'20,7687"N, 68°17'4,5234"E.

Общественные слушания состоятся: 05 июля 2024 года в 12:00, по адресу: Карагандинская область, Нурунский район, Талдысайский с.о., с. Талдысай, ул. Тәуелсіздік, 25 (ГУ «Аппарат акима села Талдысай Нурунского района»).

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: <https://us06web.zoom.us/j/7511845863?pwd=xTGpzM2qmCQ3eFaRKMqOzV0b7S7znu.1>. Идентификатор конференции: 751 184 5863. Код доступа: E22qaC.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Недра Капитал Сарыарқа», РК, Карагандинская область, г. Караганда, район им. Казыбек Би, ул. Жанибекова, стр. 45. БИН: 151140021771. Директор: Жаппарғалиев А. Б. Контакты: тел. 8 (775) 614-01-94, e-mail: nks\_2016@mail.ru.

Разработчик: ТОО «Сарыарқа экология», РК, Карагандинская область, г. Караганда, район им. Казыбек би, ул. Алиханова, 14Б. БИН: 150640024474. Представитель: Обжорина Т.Н. Контакты: тел. 8 (776) 526-31-31, e-mail: tanya\_ob80@mail.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ecportal.kz> в разделе «Опубликованные слушания» и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел. 8 (776) 526-31-31, e-mail: tanya\_ob80@mail.ru.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам: expertiza.upr\_krg@mail.ru и г. Караганда, ул. Лободы, 20. Контакты: 8 (7212) 56-81-66.

## Объявление о возбуждении дела по корпоративному спору

Руководствуясь статьей 60-1 Закона Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью», Уставом ТОО «Пржевальское», сообщаем всем участникам ТОО «Пржевальское» о возбуждении дела №3514-24-00-22531 в специализированном межрайонном экономическом суде Карагандинской области по корпоративному спору, по иску участника Вильта А.А. к ТОО «Пржевальское».

Исполнительный орган ТОО «Пржевальское»

## Объявление об отмене проведения внеочередного общего собрания ТОО «Пржевальское»

Назначенное ранее внеочередное общее собрание участников ТОО «Пржевальское» на 3 июня 2024 года, в 15.00 часов, отменяется в связи с обращением в суд участника ТОО «Пржевальское» Вильта А.А..

О дате проведения собрания по предлагаемому к рассмотрению вопросам (повестке дня) будет сообщено дополнительно.

Исполнительный орган ТОО «Пржевальское»



Меншік иесі: «Нұра» аудандық газетінің редакциясы ЖШС

Қазақстан Республикасы Ақпараттық және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 10 қарашасында қайта есепке қойылып № КЗ83VPY00081567 куәлігі берілген

Бас редактор: Тазағұл ПШЕНБАЕВА  
Индекс: 100900  
Мекенжайымыз: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Нұра кенті, Талжанов көшесі, 8а үй.  
Электронды адрес: [nuratany@mail.ru](mailto:nuratany@mail.ru)  
Телефондары:  
Бас редактор: 8 777 88 99 945  
Тілшілер: 21-9-53

Газет ЖШС «Типография Арко» баспаханасында басылған.  
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15  
Телефондары:  
41-17-83, 41-17-80  
Офсеттік басылма, көлемі 2,0 баспа табақ.  
Газет аптасына 1 рет шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді.  
Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді

Газет аптасына 1 рет шығады  
Индексі 61421  
Тиражы 1843  
Тапсырыс 21